

МАЗМҰНЫ:

- 1-бап. Жалпы ережелер
- 2-бап. Сақтандыру объектісі
- 3-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі
- 4-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу
- 5-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі. Франшиза
- 6-бап. Сақтандыру сыйлықақысы
- 7-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
- 8-бап. Қосарланған сақтандыру
- 9-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
- 10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 11-бап. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары
- 12-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері
- 13-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі
- 14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары
- 15-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 16-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары
- 17-бап. Қосымша талаптар
- 18-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Жалпы ережелер.

1.1. Осы спортшыларды жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар/Сақтандыру қағидалары) талаптарына сәйкес «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі **Сақтандырушы** деп аталатын, **Сақтанушының** Сақтандыру қағидаларына қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға Қағидаларға №1 қосымша болып табылатын сақтандыру полисін беруі арқылы спортшыларды жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарттарын жасасады (бұдан әрі мәтін бойынша – **Шарт/Сақтандыру шарты**).

1.2. Сақтандыру шарттары жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) жасалады. Аталған тұлғалар бұдан әрі «**Сақтанушы**» деп аталады.

1.3. Осы Сақтандыру қағидаларында пайдаланылатын негізгі терминдер:

- 1) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Сақтанушылар үшінші тұлғалардың (Сақтандырылған тұлғалардың) пайдасына Сақтандыру шартын жасасатын жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартын өз пайдасына жасасқан болса, онда ол **Сақтандырылған тұлға** болып табылады;
- 2) **Сақтандырылған тұлға** – пайдасына Сақтандыру шарты жасалған жеке тұлға. Сақтандыру шартын жасасу сәтінде Сақтандырылған тұлғаның жасы:
- 3) спортшылар үшін 4 жастан 45 жасқа дейін;
- 4) жаттықтырушылар (нұсқаушылар) үшін 18 жастан 65 жасқа дейін болуы тиіс. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны осы сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды;
- 5) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Егер Сақтандыру шартында Пайда алушы көрсетілмесе, ол ретінде Сақтандырылған тұлға көзделеді. Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда, оның заңды мұрагері (мұрагерлері) болып табылады;

- 6) **Құзыретті мемлекеттік органдар** – өз құзыреті шегінде орын алған сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге байланысты қажетті әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілетті органдар (мысалы: полиция, тергеу органдары, анықтау органдары, өртке қарсы инспекция органдары, ТЖМ және басқалар);
- 7) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушының Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 8) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді;
- 9) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы туындаған кезде, сақтандыру жағдайымен келтірілген зиянды өтеу үшін Сақтандырушы сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 10) **Сақтандыру жағдайы** – басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы белгілеріне ие және орын алған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға;
- 11) **Франшиза** – сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден Сақтандырушыны босату. Осы Қағидаларға сәйкес сөзсіз франшиза көзделеді. Сөзсіз франшиза кезінде зиян барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріліп өтеледі. Франшиза не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді;
- 12) **Сақтандыру аумағы** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы таралатын аумақ;
- 13) **Жазатайым оқиға** – адамның еркінен тыс кенеттен орын алған, қысқа мерзімді оқиға (оқыс оқиға), ол Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде туындап, денсаулығына зиян келтіруге, мертіуге не өлімге әкеп соққан;
- 14) **Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы** – Сақтандырылған тұлға ағзасының тіршілік әрекетінің тоқтауы;
- 15) **Спорт** – дене мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын, жарыс қызметінің өзіндік нысанын, спортшыларды жарыстарға қатысуға дайындауды білдіретін сала;
- 16) **Спортшы** – спортпен айналысатын адам;
- 17) **Жаттығу** – спортшыны даярлаудың құрамдас бөлігі. Жаттығулар жүйесі негізінде құрылған және спортшының ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуге дайындығын айқындайтын белгілі бір қабілеттерін тәрбиелеуге және жетілдіруге бағытталған мамандандырылған педагогикалық процесс;
- 18) **Жарыстар** – спортшылар (командалар) арасында спорт түрі (спорт түрлері) бойынша өткізілетін сайыстар. Жарыстар уәкілетті дене шынықтыру және спорт органымен келісілген, спорт түрі бойынша қоғамдық бірлестіктер (федерациялар) бекіткен жарыстарды өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі. Белгілі бір жарысты өткізу үшін ұйымдастырушылар жарыстың шарттары, қатысушылар құрамы, қаржыландыру көздері көзделетін жарыс регламентін (ережесін) бекітеді. Осы Қағидалар шеңберінде жарыстарға қатысу деп спортшының белгілі бір спорт түрі бойынша жарыстарды өткізу кезеңінде тікелей әрекеттерді, жаттығуларды орындауы түсініледі;
- 19) **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру.

2. Сақтандыру объектісі

2.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі болып Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырылған тұлғаның өміріне және/немесе денсаулығына жазатайым оқиға нәтижесінде зиян келтіру тәуекелімен байланысты мүлдіктік мүдделері табылады.

3. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

3.1. Осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес сақтандыру жағдайы болып мынадай салдарға әкеп соққан жазатайым оқиға танылады:

- жарақаттар (Сақтандыру төлемдерінің мөлшерлері кестесінде – Сақтандыру қағидаларына №2 қосымшада көрсетілген дене жарақаттары);
- Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы.

3.2. Осы баптың 3.1-тармағында көзделген оқиғалар, егер олар Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде, сақтандыру аумағында болған жазатайым оқиғаның салдары болып табылса және уәкілетті органдар белгілеген тәртіппен берген құжаттармен (медициналық мекемелер, сот) расталса, сақтандыру жағдайлары деп танылады.

3.3. Жазатайым оқиғаға мынадай сыртқы факторлардың әсері жатады: табиғи дүлей құбылыстар, жарылыс, күйік, үсу, суға бату, электр тогының әсері, найзағай соғуы, күн өту, қаскүнемдердің немесе жануарлардың шабуылы, жыланның, жәндіктердің шағуы, қандай да бір заттың немесе Сақтандырылған тұлғаның өзінің құлауы, тыныс алу жолдарына бөгде заттың кездейсоқ түсуі, улы өсімдіктерден, химиялық заттардан (өндірістік немесе тұрмыстық) кездейсоқ улану, сондай-ақ кез келген көліктің (автомобиль, теміржол, су және әуе көлігі) қозғалысы кезінде немесе олардың апатқа ұшырауы кезінде, машиналарды, механизмдерді, қаруды және кез келген құралдарды пайдалану кезінде алынған жарақаттар.

4. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

4.1. Сақтандыру шарты жасалған сәтке дейін орын алған, сондай-ақ сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі өткеннен кейін орын алған жазатайым оқиға осы Қағидалар бойынша сақтандыру жағдайы деп танылмайды және сақтандырумен жабылмайды.

4.2. Мынадай салдарлардан болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

- 1) соғыс, басып кіру, шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері, әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына не жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүлік, ереуіл, локауттар, халық көтерілісіне, бүлікке, азаматтық толқуларға, әскери бүлікке, революцияға, билікті әскери жолмен басып алуға немесе иеленуге, мүлдікті тәркілеуге, реквизициялауға немесе ұлттандыруға ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер;
- 3) қандай да бір ұйымның атынан немесе мүддесінде әрекет еткен тұлға немесе тұлғалар тобы жасаған және сақтандыру объектісінің жойылуына немесе бүлінуіне әкеп соққан терроризм актілері;
- 4) радиоактивті сәулелену немесе ядролық отынды жағудан шыққан радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
- 5) Сақтандырылған тұлғаның алкогольдік, уытқұмарлық немесе есірткілік масаң күйде жасаған, не дәрілік немесе психотроптық заттардың әсерінде болған кездегі әрекеттері салдарынан туындаған, сақтандыру жағдайының басталуына себеп болған әрекеттері, білікті дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектерді пайдалануды қоспағанда;



- 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері;
 - 7) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері;
 - 8) жедел, созылмалы, тұқым қуалайтын аурулардың кез келген асқыну түрлері (оның ішінде инфаркт, инсульт және тұқым қуалайтын патологиядан немесе аурудың дамуы нәтижесінде туындаған өзге де ағзалардың кенеттен зақымдануы);
 - 9) жұқтыру себебіне қарамастан инфекциялық аурулар;
 - 10) Сақтандырылған тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық немесе әкімшілік теріс қылық белгілері бар әрекеттерді жасауы немесе жасауға әрекеттенуі;
 - 11) Сақтандырылған тұлғаның, Сақтанушының немесе Пайда алушының, соның ішінде өзін-өзі өлтіруді қоса алғанда, Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге бағытталған қасақана әрекеттері немесе әрекетсіздігі;
 - 12) кез келген аурулар, оның ішінде венерологиялық, инфекциялық, онкологиялық аурулар, диабет, ақыл-естен алжасу (делирий) немесе эпилепсия;
 - 13) психикалық аурулар, Сақтандырылған тұлғаның ақыл-есінің кемдігі, церебралды сал ауруы немесе Даун ауруы.
- 4.3. Осы Қағидаларда көрсетілген оқиғалар, егер олар мынадай жағдайлардың нәтижесінде орын алса, сақтандыру жағдайлары деп танылмайды:**
- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны ұстау, қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеу кезінде;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның өзі немесе үшінші тұлғалар жасаған, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына не оған I, II, III топтағы мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан қандай да бір әрекеттер, бұл әрекеттер жасалған сәтте Сақтанушы алкогольдік, наркологиялық немесе токсикологиялық масаң күйде болған жағдайда, бұған Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) мүгедектігі белгіленуі немесе қайтыс болуы Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) жолаушы ретінде отырған автомобильдің қатысуымен болған жол-көлік оқиғасының салдарынан орын алған жағдайлар кірмейді;
 - 3) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның медициналық көмекке уақтылы жүгінбеуі немесе денсаулық жағдайына байланысты ауруханаға жатқызу тағайындалған кезде, кеш жүгіну себептеріне немесе ауруханаға жатудан бас тарту себептеріне қарамастан, Сақтанушының медициналық мекемеге жатудан бас тартуы;
 - 4) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық масаң күйде кез келген көлік құралын басқаруы; осындай күйдегі басқа адамға, сондай-ақ жүргізуші куәлігі жоқ адамға басқаруды беруі;
 - 5) өзіне-өзі қол жұмсау немесе өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттену салдары, өзін-өзі мерткітіруі;
 - 6) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның өзіне дене жарақаттарын қасақана келтіруі немесе Сақтандырылған тұлғаның, оның ішінде аффект, алкогольдік психоз күйінде болған не қандай да бір психикалық ауруы болған жағдайда, өзін қасақана мерткітіруі;
 - 7) психикалық ауру, нашақорлық, алкогольдік психоз, депрессия және т.б.;



- 8) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді немесе дене аномалияларын жоюға байланысты дәрігерлік араласулар, оның ішінде пластикалық операциялар, косметологиялық емдеу және жоғарыда аталған мақсатта жүзеге асырылатын өзге де емдеу түрлері, егер Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға оларды қабылдауға жол берсе;
- 9) ұшу аппараттарында ұшу, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар әуе кемесінде жолаушы ретінде ұшуды қоспағанда.

4.4. Мынадай тұлғаларға қатысты сақтандыру шарты жасалмайды:

- 1) Қазақстан Республикасының қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органының ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жеке және заңды тұлғалар;
- 2) клиентті тиісінше тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынадан Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының бас тартуы жағдайында;
- 3) психикалық аурулармен, ақыл-естің кемдігімен, церебралды сал ауруымен не Даун ауруымен ауыратындар;
- 4) ЖИТС-пен ауыратындар, АИТВ жұқтырғандар;
- 5) онкологиялық, созылмалы жүрек-қантамыр немесе ауыр жүйке ауруларымен ауыратындар;
- 6) I, II, III топтағы мүгедектер.

4.5. Осы Қағидаларда көрсетілген оқиғалар, егер Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы не жарақаттары жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алса және ол жасалған сәтте Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидалары талаптарына сәйкес қауіпсіздік белдігін тағуға міндетті бола тұра, көлік құралын басқарушы тұлға немесе жолаушы болғанына қарамастан, қауіпсіздік белдігін тақпаған болса, сақтандыру жағдайлары деп танылмайды.

4.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай мән-жайлар да негіз болуы мүмкін:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тексеруге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 4) осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген мерзімдерде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы;
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылып қойылса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 6) сақтандыру жағдайы құзыретті органдар мен ұйымдарда (ішкі істер органдары, өртке қарсы қызмет, медициналық мекемелер және т.б.) құжатпен тіркелмеген болса;
- 7) жазатайым оқиғаның Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) оны болдырмау үшін ақылға қонымды шараларды қабылдамауының нәтижесі болуы, атап айтқанда



белгіленген және жалпыға бірдей қабылданған қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын, қауіпті объектілерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, сондай-ақ қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін белгіленген стандарттарды, ережелерді, заңдарды немесе ведомстволық нормативтік құжаттарды, оның ішінде жол жүрісі қағидаларын сақтамауы;

- 8) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының осы Қағидаларда және сақтандыру шартында көзделген талаптар мен шектеулерді сақтамауы;
- 9) Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:
- 10) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – **ЖҚЖҚТ Тізбесі**);
- 11) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісінше тексеруді жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 12) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып отыр деп пайымдауға негіздердің болуы.
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

4.7. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемінен бас тартудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

4.8. Осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату, бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.

4.9. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы сот тәртібімен шағым жасай алады.

5. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі. Франшиза

5.1. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:

- 1) жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;
- 2) әрбір Сақтандырылған тұлға бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
- 3) бір сақтандыру жағдайының нәтижесінде орын алған сақтандыру жағдайлары сериясы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
- 4) бір немесе барлық сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір сақтандыру оқиғасы бойынша шекті жауапкершілік көлемі.

5.2. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушымен келісу бойынша қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, сақтандыру полисін қайта ресімдеу арқылы сақтандыру сомасын ұлғайтуға құқылы.

5.3. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушымен келісу бойынша осы Қағидалардың талаптарымен қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, сақтандырылған тұлғалардың санын сақтандыру полисін қайта ресімдеу арқылы көбейтуге құқылы.

5.4. Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде франшиза белгіленуі мүмкін. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.



5.5. Франшиза сақтандыру сомасының пайызы түрінде де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшиза мөлшері әрбір нақты жағдай үшін жеке келісіледі.

6. Сақтандыру сыйлықақысы.

6.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

6.2. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы тәртіппен немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеу арқылы, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

6.3. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемесе, Сақтандырушы жай жазбаша хабарлама жіберу арқылы сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.4. Егер сақтандыру жағдайы төлеу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленгенге дейін туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға не сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.

7.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың нысаны Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.

7.2. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша:

- 1) Сақтандырушыға жазбаша жүгіну арқылы;
- 2) Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсыну кезінде жасалуы мүмкін.

7.3. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.

7.4. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғалардан) сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша ақпаратты талап етуі мүмкін.

7.5. Егер Сақтанушы өтініш-сауалнамада көрінеу жалған мәліметтер көрсетсе, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру шартын жарамсыз деп тануға құқылы.

7.6. Егер Сақтанушы жасырып қалған мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

7.7. Өтініш-сауалнамада көрсетілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі.

7.8. Сақтандырушы өз қалауы бойынша Сақтанушыдан талап етуге құқылы, ал Сақтанушы Сақтандырылған тұлғалардың медициналық қарап-тексерілуін ұйымдастыруға міндеттенеді.

7.9. Топтық сақтандыру кезінде бір Сақтандыру шартымен бірнеше Сақтандырылған тұлға қамтылады. Топтық сақтандыру дербестендірілген де, белгілі бір тұлғалар санатын



қамтитын дербестендірілмеген де болуы мүмкін. Дербестендірілмеген сақтандыру кезінде Сақтандырылған тұлғалардың шеңбері сақтандыру жағдайын, оның әрбір Сақтандырылған тұлғаға қатысты салдарын және оған тиесілі сақтандыру төлемінің мөлшерін дараландыру үшін қажетті дәрежеде Сақтандыру шартында нақтылануға тиіс. Егер дербестендірілмеген сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандырылуға жататын санатқа кіретін тұлғалардың саны Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылғандар санынан көп болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін тек Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтанушымен шарттық қатынаста болған тұлғаларға ғана жүзеге асырады.

7.10. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының **көшірмесін** береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7.11. Сақтандыру шартының талаптары Сақтанушының бастамасы бойынша өзгертілген кезде, Сақтандырушы Сақтандырылған тұлғаны медициналық қарап-тексеруден өткізуді Сақтанушының есебінен талап етуі мүмкін.

7.12. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:

- 1) сақтандырылған тұлға туралы;
- 2) сақтандырылған тұлғаның өмірінде орын алуы жағдайында сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты (сақтандыру жағдайы) туралы;
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы.

7.13. Сақтандыру шартында мыналар қамтылады:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі және банк деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес), заңды мекенжайы және (немесе) тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Сақтанушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес), орналасқан жері және нақты мекенжайы, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);
- 4) сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефон нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы, телефон нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
- 5) сақтандыру объектісі;
- 6) сақтандыру жағдайлары;
- 7) сақтандыру сомасының мөлшері, валюта түрі, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 8) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (егер төлем бөліп төлеу арқылы жүргізілсе – сақтандыру жарнасының), валюта түрі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- 9) сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы немесе жоқтығы туралы көрсетілім;
- 10) сақтандыру полисінің жасалған күні және қолданылу мерзімі;



- 11) егер Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) сақтандыру полисі бойынша Сақтанушы болмаса және сақтандыру полисінде көрсетілсе, оның сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы туралы көрсетілім;
- 12) сақтандыру полисінің нөмірі;
- 13) Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;
- 14) экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);
- 15) сақтандыру полисінің қолданылу аумағы;
- 16) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
- 17) Сақтандырушының қолы.

7.14. Сақтандырылған тұлғаға Сақтандыру шарты бойынша қызметтерді алу мақсатында сақтандыру полисін басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады.

7.15. Егер Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру полисін осындай мақсатпен басқа тұлғаға бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын қайтармай, осы Сақтандырылған тұлғаға қатысты Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

8. Қосарланған сақтандыру.

8.1. Қосарланған сақтандыру – бір және сол сақтандыру объектісін әрбір Сақтандырушымен дербес шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

8.2. Қосарланған мүліктік сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушы алдында онымен жасалған Шарт шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушы немесе Пайда алушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.

8.3. Қосарланған сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларындағы сақтандыру төлемін реттеу мәселесіне қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

8.4. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

9. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.

9.1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

9.2. Егер Сақтандыру шарты бір Сақтандырылған тұлғаға қатысты жасалса, онда Шарт бірінші сақтандыру жағдайына дейін қолданылады.

9.3. Егер Шарт бойынша Сақтандырылған тұлғалар екі немесе одан көп болса, онда сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді. Егер сақтандыру жағдайы барлық сақтандырылғандарға қатысты орын алса, Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады. Егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде бір Сақтандырылған тұлғаға шаққандағы сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемдері жүзеге асырылса, Шарт қалған Сақтандырылған тұлғаларға қатысты Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы басталғанға дейін қолданыла береді.

9.4. Осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

10.1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) Сақтандырушымен келісім бойынша Пайда алушыны немесе Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға;
- 3) егер ол Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болып табылса, осы Сақтандыру қағидаларында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 4) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның **көшірмесін** алуға;
- 5) осы Сақтандыру қағидаларымен танысуға және олардың көшірмесін алуға.

10.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандырушының Сақтанушыны тиісінше тексеру шеңберінде сұратқан барлық құжаттарды ұсынуға;
- 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Сақтандырылған тұлғаларды сақтандыру талаптары туралы хабардар етуге;
- 5) Сақтандыру шартының талаптарын орындауға (Сақтандырылған тұлғалардың Сақтандыру шартын бұзуы Сақтанушының өзі Сақтандыру шартын бұзуы ретінде бағаланады);
- 6) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
- 7) сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды болдырмау немесе азайту жөнінде шаралар қабылдауға;
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзіндегі барлық ақпаратты ұсынуға;
- 9) Сақтандырушының талабы болған жағдайда, оның денсаулық жағдайының нақты жай-күйін бағалау үшін Сақтандырылған тұлғаны тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге;
- 10) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 11) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісін растайды;
- 12) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімді, сондай-



ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті;

- 13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады;
- 14) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
- 15) атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе));
- 16) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
- 17) субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 18) дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі немесе кезеңі;
- 19) оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның болмауы туралы мәліметтер;
- 20) оларды өңдеу процесінде дербес деректердің трансшекаралық берілуінің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтер;
- 21) дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтер;
- 22) дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректердің тізбесі.
- 23) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының және олардың серіктестерінің жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларында сақталатын дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.

10.3. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын сақтауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 3) сақтандыру жағдайы фактісін және оның туындау мән-жайларын анықтау үшін Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
- 4) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шартының талаптарын орындамаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны/Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 5) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын кез келген уақытта инспекциялауға және тексеруге;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның денсаулық жағдайының нақты жай-күйін бағалау үшін оны тексеруден өткізуге;
- 7) клиенттерді тиісінше тексеруді жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге.

10.4. Сақтандырушы міндетті:



- 1) Сақтанушыны Сақтандыру қағидаларымен таныстыруға және олардың көшірмесін беруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) шығарған шығындарды өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;
- 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 6) егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға осы Қағидаларда көзделген барлық құжаттарды ұсынбаса, сақтандырушы 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті;
- 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚЖҚТ Тізбесі);
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісінше тексеруді жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып отыр деп пайымдауға негіздердің болуы.

10.5. Осы баптағы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Сақтандыру қағидаларының басқа бөлімдерінде көзделген.

11. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары.

11.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің едәуір ұлғаюына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса (сақтандыру аумағының, қызмет түрінің өзгеруі, спорт түрінің өзгеруі, Сақтанушыда (Сақтандырылған тұлғада) сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар тізбесіне енгізілген қандай да бір аурудың анықталуы), Сақтандырушыға дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті.

11.2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

11.3. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

11.4. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға осы баптың 11.1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Шартты бұзуды және Шарттың бұзылуынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сай азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

11.5. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.



12. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері.

12.1. Сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келуі мүмкін оқиға туындаған кезде Сақтанушы міндетті:

1. сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;
2. болған жазатайым оқиға сәтінен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей (демалыс және мереке күндерін есептемегенде) бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы болса, онда Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы хабарлау міндеті Сақтанушыға жүктеледі, ал егер ол бір мезгілде Сақтандырылған тұлға да болса – оның туған-туыстарына, жақындарына не Пайда алушыға жүктеледі. Бұл жағдайда Сақтандырушыға хабарлау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күніне дейін ұзартылады;
3. болған оқиға туралы дереу хабарлап, оқиғаны құзыретті органдар мен ұйымдарда (ішкі істер органдары, өртке қарсы қызметтер, төтенше жағдайлар жөніндегі органдар, медициналық мекемелер және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құзыретті органдар мен ұйымдар) құжатпен тіркеуге;
4. Сақтандырушы өкіліне, сақтандырушы тағайындаған дәрігерді тарта отырып, жазатайым оқиғадан зардап шеккен Сақтандырылған тұлғаны қарап-тексеруге мүмкіндік беруге;
5. залалдың туындау мән-жайларын көрсете отырып, белгіленген нысанда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтінішті, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептерін анықтау және залал мөлшерін айқындау үшін Сақтандырушы талап еткен барлық құжаттарды ұсынуға;
6. емдеуші дәрігерді сақтандыру оқиғасына қатысты мәселелер бойынша Сақтандырушы алдында медициналық құпияны сақтаудан босататын жазбаша міндеттемені ұсынуға.

12.2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына алып келуі мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға белгіленген мерзімде хабарламау оған сақтандыру төлемінен жазбаша бас тарту құқығын береді, бұған Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған және оны құжатпен растаған жағдайлар кірмейді.

13. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.

13.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының) сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініші және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде Сақтандырылған тұлғаға (Пайда алушыға) жүзеге асырады.

13.2. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға, Пайда алушыға, Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.

13.3. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы мынадай құжаттар тізбесін ұсынуы қажет:

1. Сақтандырушының нысаны бойынша сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
2. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар:
 - туу туралы куәлік (16 жасқа толмаған адамдар үшін) не паспорт;
 - өтініш берушінің жеке куәлігі/паспорты, не;



- сақтандыру компаниясында істерді жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына арналған сенімхаттың түпнұсқасы (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін білдіру жағдайында);
 - 3. Сақтандыру жағдайының болуын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттар:
 - а) **Сақтандырылған тұлға жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алған жағдайда**, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 1. сақтандыру полисінің түпнұсқасы (**көшірмесі**);
 2. Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар;
 3. емдеу мекемесінің мөрімен расталған, науқас картасынан көшірме эпикриз, ауру тарихынан үзінді көшірме, травматологиялық пункттен медициналық анықтама немесе Сақтандырылған тұлғаға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе жарақаттың нақты сипаттамасы мен сипатын қамтитын өзге де медициналық құжаттар;
 4. қажет болған жағдайда – рентген суреті немесе оның сипаттамасы;
 5. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын құзыретті органдардың құжаттары (өртке қарсы қызметтер, полиция, төтенше жағдайлар органдары);
 6. сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты құжаттар (түпнұсқалар немесе куәландырылған көшірмелер) (жазатайым оқиға туралы акт);
 7. сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушының банктік деректемелері.
 - б) **Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда** Сақтанушы (Пайда алушы) мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 1. сақтандыру полисінің түпнұсқасы (**көшірмесі**);
 2. Сақтандырылған тұлғаның мұрасына құқықты растайтын құжаттар;
 3. Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, Сақтандырылған тұлғаның Пайда алушының қамқоршысы, қорғаншысы, баласы болғанын растайтын құжаттар;
 4. емдеу мекемесінің мөрімен расталған, науқас картасынан көшірме эпикриз, ауру тарихынан үзінді көшірме, травматологиялық пункттен медициналық анықтама немесе Сақтандырылған тұлғаға көрсетілген медициналық көмекті растайтын және/немесе Сақтандырылған тұлғаның өліміне себеп болған диагнозды көрсете отырып, жарақаттың нақты сипаттамасы мен сипатын қамтитын өзге де медициналық құжаттар;
 5. Сақтандырылған тұлғаның өлім себебі туралы деректерді қамтитын, заңнамалық немесе нормативтік актілерде көзделген құжаттың көшірмесі (сот-медициналық сараптама қорытындысы, өлім себептері туралы анықтама және т.б.);
 6. өлім туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;
 7. егер Сақтандырушы оларды талап етсе, патологиялық-анатомиялық зерттеу нәтижелері;
 8. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті мемлекеттік органдардың, өртке қарсы және құқық қорғау органдарының және т.б. құжаттары;
 9. сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушының банктік деректемелері.
- 13.4.** Сақтандырушының талабы бойынша Сақтанушы белгіленген нысандағы Өтінішті ұсынуға міндетті, оған сәйкес ол Сақтандырылған тұлғаны бақылаған және тексерген дәрігерлерді дәрігерлік құпияны сақтаудан босатады.



14. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары.

14.1. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан немесе Пайда алушыдан) жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін белгілейді; Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының) өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; зиян келтіруге әкеп соққан оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
- 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды, оны танысу үшін Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) ұсынады.

14.2. «Сақтандырылған тұлғаның жарақаты» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері «Сақтандырылған тұлға жарақат алған кездегі сақтандыру төлемдерінің мөлшерін айқындау кестесі» бойынша (№2 Қосымша) есептеледі.

14.3. Егер «Сақтандырылған тұлғаның жарақаты» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сол жазатайым оқиға салдарынан жарақат немесе Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы орын алса, онда «Сақтандырылған тұлғаның жарақаты» сақтандыру жағдайы бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшері бұл жағдайда төленуге жататын сақтандыру төлемінен ұсталып қалады.

14.4. Сақтандырылған тұлға сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде бірнеше дене жарақатын алған кезде, Сақтандырушы бір Сақтандырылған тұлғаға шаққандағы сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

14.5. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындары, егер мұндай шығындар қажет болған болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.

14.6. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығындарды өтеудің жалпы сомасы әрбір Сақтандырылған тұлғаға шаққандағы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығындар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

14.7. Егер Сақтанушы ықтимал залалды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамаса, сол себепті туындаған залал бөлігі бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

15. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.

15.1. Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды және бұл туралы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға / Пайда алушыға) жазбаша хабарлайды.

15.2. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес соңғы қажетті құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

15.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) сот тәртібімен шағым жасай алады.



15.4. Сақтандырушы мынадай жағдайларда Сақтанушыға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы:

1. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттерінің салдарынан;
2. Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстары немесе әкімшілік құқық бұзушылықтары деп танылған әрекеттерінің салдарынан орын алса.

15.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай мән-жайлар негіз болуы мүмкін:

1. Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының Қазақстан Республикасының қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органының Тізбесінде болуы. Бұл ретте Қазақстан Республикасының қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органының Тізбесіне енгізілген тұлғаның барлық шығыс операциялары оны аталған Тізбеден алып тастаған сәтке дейін тоқтатыла тұрады;
2. Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының клиентті тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартуы жағдайында;
3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
4. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
5. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тексеруге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
6. оқиғаның сақтандыру жағдайы деп танылмауы;
7. сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламау, бұған Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған және оны құжатпен растаған жағдайлар кірмейді.

15.6. Осы баптың 15.4., 15.5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босатылуы бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

15.7. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы Сақтанушыға ұсынылған құжаттардың тізбесі көрсетілген анықтама береді.

16. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары.

16.1. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:

- 1) барлық сақтандырылғандарға қатысты сақтандыру жағдайы басталғанда;
- 2) егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі Сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдасаса, заңды тұлға болып табылатын Сақтанушы таратылғанда немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушы қайтыс болғанда;
- 3) Сақтандырушы таратылғанда;
- 4) сот сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдағанда.

16.2. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-біріне Сақтандыру шартын тоқтатудың болжамды күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға міндетті.



16.3. Сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1. Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлға қайтыс болғанда, егер оны ауыстыру жүргізілмесе;
